

М.К. ДЮСЕМБЕКОВА**ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК МӘДЕНИ САЯСАТЫНЫҢ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ**

Қоғамның мәдени өмірі мен мемлекеттік мәдени саясаттың өзара әрекетіндегі аса маңызды ерекшеліктің бірі алға қойған мақсаттар мен нақты социомәдени процестер бағытының негізгі векторларының арасындағы түбірлі алшақтық болып отыр.

Қазақстандық саясаттанушы Р.К. Қадыржанов айтып өткендей "бұрынғы КСРО-ның титулдық этностарының мәдениеттері арасында қазақ мәдениеті ең орыстандырылған, орыс-кеңес мәдениетімен неғұрлым көп ассимиляцияланған мәдениеттің бірі болып шықты... Қазақтың кеңестік мәдениетінің екіншісі болмауы мүмкін емес еді, өйткені ол Мәскеуде өндірілген мәдениет үлгілерін қазақтың ұлттық топырағына көшіру түрінде дамыды. Бұл әдебиетті, киноны, балетті, музыканы, театрды, теледидарды, қоғамдық ғылымдарды, білім беруді және т.б. қамтыды. Бірақ мұндай идеологиялық тәсілмен айқындалатын мәдени дамудың қазақтың ұлттық-мәдени дәстүрімен, халықтың рухымен ешқандай органикалық байланысы болмады және сондықтан ол халықтың қызығушылығын тудырмады... Қанша дегенмен, қазақтар орыстық-кеңестік мәдениеттің жетекшілігіне бейімделе алғанымен, қазақ тілі мен мәдениетінің бейшара қалпы, олардың жадаулығы мен төмен дәрежесі түбірлі этностың, қалыптасып келе жатқан этникалық элитаның қалыптасқан жағдайға қарсы ішкі наразылығын тудырмай қоймады" [1].

Бұл айтылғандардан мынадай түйін шығаруға болады. Қазақстанның дамуының қазіргі кезеңіндегі мемлекеттік мәдени саясатының міндеті этникалық тиесілікте тәуелді емес жалпы нормалар мен құндылықтар төңірегіне қоғамды рухани және мәдени топтасуды қамтамасыз ететіндей адамдар арасындағы қатынастардың тетіктері мен формаларын даярлау, өйткені этникалық бірегейлік мәдени мағынада әртекті элементтердің келісімі мен интенсивті өзара әсерін қамтамасыз ететіндей қажетті деңгейге жетпеген. Дифференциалдық сипаттағы қақтығыстар мен алшақтық дұшпандық пен зорлықтың өлшемі және себебі болғандықтан неғұрлым жоғары дейгейдегі берік бірлікті қалыптастыру қажет.

Біздің пікірімізше, Қазақстандық қоғамның сақталуы мен дамуы мақсатында Қазақстанның мемлекеттік мәдени саясатының негізіне мәдени плюрализм принципінің қаланғаны дұрыс.

Болашақ Қазақстанның мәдени болмысы әртүрлі ұлттық мәдениеттердің механикалық жиынтығы емес, тұтастай жалпы қазақстандық мәдениетті құрайтын өзара байланысты, өзара бағынышты мәдени этникалық комплекстердің органикалық қосындысы болуы тиіс.

Қазақстанның мемлекеттік билігінің тәуелсіздік алған алғашқы күндерінен бастап, оның қалыптасып келе жатқан жаңа мәдени саясатында рухани-мәдени төлтумалылықты қайта түлету мен дамыту, оның ішінде, ең алдымен, қазақ этносының ұлттық мәдениетін, дәстүрі мен тілін қайта өркендету курсы қабылданған болатын. Алайда қазақ мәдениетінің этникалық, құндылықтық, эстетикалық ерекшеліктерін қайта өркендету кезеңі өзінің потенциалды тамырын тереңге жіберіп үлгірген мәдени интеграция үрдісінің объективті уақытымен тұспа-тұс келіп отыр. Оның үстіне әңгіме Жердің жекелеген бөлігін ғана емес, бүгінгі уақытта бүкіл әлемді қамтып отырған этникалық топтар мен ұлттардың жаңа және жоғары деңгейдегі мәдени интеграциясы, яғни жаһандану жөнінде болып отыр.

Жаңа ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялардың дамуы және олардың құлаштап қарқын алуының нәтижесінде әлемнің планетарлық "тарылуы" іске асуда. Спутниктік теледидар, интернет, компьютерлік мәдениеттің кәдімгі картинаға айналып кеткені сондай, жер шарының кез-келген нүктесіндегі көптеген адамдар өздерінің күнделікті өмірін оларсыз көзге елестете алмайды. Халықаралық, трансұлттық және ғаламдық бастаулардың бір-бірімен өзара тығыз байланыстылығы және осыдан туындайтын мәдениеттің ғаламдастырылуы әлемдік қауымдастықтың мәндік сипаттамасына айналды.

Олжас Сүлейменовтің дәл тауып айтқанындай, "глобализм - бұл түрдің өзін-өзі сақтауының объективті заңы. Глобализммен күресу өзінді әлемдік контекстен өшіріп тастауды білдіреді. Егер ұлттық мәдениет этностың өзіндік қорғаны болса, ал глобализм "әлемдік мәдениетті" ұжымдық қауіпсіздік жүйесі ретінде түсінуге шақырады. Бұл жалпы ортақ қауіптің алдында халықтарды адамзаттыққа бірігуге шақыру".

Демек, біз оны қалаймыз ба, әлде қаламаймыз ба қазіргі әлемде, ақпараттық-коммуникативтік және өзге әлеуметтік негізде өте шапшаң қалыптасып келе жатқан жалпыадамзаттық мәдениеттің жаңа типі құрылуда. Мәдени мүмкіндіктер, тарихи дәстүрлер, экономикалық ахуалдар, ресурстық негіздер, сонымен бірге логика мен конструктивті негізге көне бермейтін төл немесе ұлттық дүние түйсінулер мен дүниетанымдар дегеннің бәрі демесек те осы сияқты көптеген жағдайлар мен кейде аңғарып болмас факторлар өзгелермен санасуды қажет етеді.

Қазіргі әлемнің нақты болмысы бұл қайшылықтағы жетекшілік ғаламдастыру үрдісі жағында екендігін көрсетеді, ал ұлттық мемлекеттер тарихи аренада жаңа тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуына қарай санының өсуіне қарамастан, бірте-бірте кейінге ығыстырылуда. Бұл қайшылықпен барлық елдер бетпе-бет келіп отыр, ал посткоммунистік елдер үшін бұл қақтығыс өте маңызды және принципіалды мәнге ие болып отыр.

Сонымен, ғаламдастырудың өн бойында қайшылық бар. Ол тек экономикалық және техникалық мүмкіншіліктері жағынан ғана тең емес, сондай-ақ мәдениеттер мен идеологиялардың ішкі потенциалдары мен

оларды әлемдік мәдени кеңістікте тарату мен дамыту мүмкіндіктерінің де теңсіздіктеріне қарамастан мәдениеттер мен идеологиялардың тең бөсекелестігін қалайды. Екінші жағынан, кез-келген ұлттық мәдениет, ең алдымен, ұлттың бірігуі мен топтасуына үміт артады. Топтасу өзгелерден ерекше өзінің төлтумалылығын бекіту жолымен іске асады. Ал ғаламдастыру үрдісі, керісінше, партикулярлық компоненттердің үлестік салмағын төмендету есебінен, әдетте жалпылыққа иек артуға бағдарланады.

Ғаламдастырудың мақсаты әр түрлі мәдениеттердің ғаламдық мәдениетке қосатын үлестеріне сәйкес олардың өздерін көрсету мүмкіндіктерін ашуға бағытталғандықтан, бұл интеграциялық процестің объективті логикасына орай мәдени әралуандылықтың редукциясына және ұлттық, мәдени, діни, өзге де тұлғалық типтердің оңтайландыруына әкеледі.

Оның үстіне, даму деңгейі төмен және дамушы елдерде бұқаралық мәдениеттің ықпалы дамыған елдерге қарағанда әлдеқайда қайшылықты екенін ескеру қажет. Ол бөтен индивид үшін жеңіл өмір сүрудің елесін қалыптастырып, оның санасында батыстық өмір сүру тәртіптерінің артықшылықтарын идеалдандырып, өз мәдениетіне деген жадау көзқарас сезімін тудырады.

Біз қаласақ та, қаламасақ та ғаламдастырудың тұрақты серігі батыстық бұқаралық мәдениеттің жетекші ықпалы болып отыр. Бұл халықаралық байланыстар процесінде ағылшын тілінің стихиялық түрде қалыптасып келе жатқан үстемдігінен, материалдық игіліктерімен бекітілген латентті европоцентризмнен, Европа мен АҚШ-ң ғылыми-техникалық және әлеуметтік-экономикалық тұрғыда табысты түрде дамуынан көрінеді. Және бұл кездейсоқ емес, өйткені жер бетіндегі көпшіліктің көзінше Батыс интеллектуалдық және көркем ағымдардың байлығының, шынайы ғылым мен жоғары мәдениеттің "жерұйығы" болды және солай қалады да.

Батыстың мәдени экспансиясы халықаралық құжаттарда мәдени империализм ретінде жиі анықталады. Әдетте "мәдени империализм" ұғымы шетелдік мәдениеттің құндылықтары мен ғұрыптарын өзге ұлттың мәдениеті есебінен тарату мен көтеру үшін саяси және экономикалық билікті қолдану деп түсіндіріледі. Ал мәдениет саласының өз ішінде мәдени империализмнің негізгі белгілеріне төмендегілер жатады:

1. Батыстық қоғамға тән өмір тәртібі мен тұтынушылық бағдарларды көшіру;

2. Өзге мәдениеттердің үлесін ескермей, универсалды деп сипатталатын батыстық мәдениетті енгізу;

3. Мәдени байланыстар арқылы саяси мақсаттарға жетуге ұмтылу;

4. Ақпараттың біржақты ағымы - "орталықтан" "шеткеріге", яғни коммуникация мен бұқаралық ақпарат құралдары және көңіл көтеру индустриясы саласындағы ірі батыстық компаниялардан өзге елдердің сан мыңдаған аудиториясына қарай ағуы;

5. Батыстық бағдарды бекітуге жағдай жасайтын және буржуазиялық Батыс ықпалының сүйеніші болатын жергілікті әлеуметтік-мәдени элитаны қалыптастыру [2].

Бұл айтылғандардан Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін алғаннан кейін өзінің бүкіл қуатын көрсетіп үлгірген қазақтың ұлттық мәдениетін қайта түлету мен дамыту процесі үшін ғаламдастыру үрдісінің қандай қатер әкелетінін толық пайымдауға болады.

Өзімен бірге бағдарларды жоғалту, ыдырау элементтерін алып жүретін мұндай сыртқы мәдени орта жаңа өмірлік талаптарға лайықты жауап беретіндей өзінің жеткілікті берік және дамыған мәдениеті жоқ және сыртқы жойқын ықпалды бастан кешіріп отырған, әлі қалыптаса қоймаған ұлттық мәдениеттер үшін ерекше қауіп-қатер туғызады.

Сондықтан, ғаламдастырудың унификациясына қарсы мәдениет өзін изоляцияда сақтауға тырысса, бұл сол мәдениеттің өзін-өзі өлтіруіне алып келеді.

Белгілі қазақстандық философ және саясаттанушы Ә.Н. Нысанбаевтың пікірінше, Қазақстан үшін оның онан ары тарихи дамуының бірнеше мүмкін баламалары бар. Оның ең алғашқысы, бүгінгі транзиттік жағдайдан шығудың біздің қоғам үшін табиғи жолы біздің қазақ халқының тоталитарлық мемлекет пен коммунистік экспертменттің құрбаны болғанға дейінгі кезеңге, яғни революцияға дейінгі кезеңге қайта оралу болып көрінер еді. Мындаған жылдар бойы қазақ халқын органикалық түрде оның мекен ету ортасымен, ұлы даламен және оның төбесіндегі жұлдызды аспанмен біріктірген әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлттық мәдениет саласындағы өткенге деген бұл ностальгия әрине, түсінікті.

Отандық мәдениет трансформациясының келесі бір табиғи жолы бізді ұлттық түбірдің, тілдің, дәстүрдің, әдет-ғұрыптардың көпғасырлық ортақтығымен байланыстыратын түркі-ислам әлеміне органикалық түрде ену болуы мүмкін. Бірақ, бізде өзіміздің оңтүстіктегі көршілерімізбен салыстырғанда, таза мұсылмандық мәдениеттің формалары жетекшілікке ие болуы қиын. Қазақстан далаларында ғасырлар бойы әр түрлі діндер қатар өмір сүріп, уағыздалды, оның ішінде ертедегі христиандық та, буддизм де бар. Тәңірілік дәстүрге келер болсақ, ол өзінің мәні жағынан қарапайым халық үшін исламнан бірде кем түспейді. Сонымен бір мезгілде жалпыславяндық тұтастық және соборшылдық идеялары сияқты пантүркизм және панисламизм идеяларының да өмір сүруге толық құқылары бар.

Және, ақырында, ХХІ ғасырдағы біздің мәдениет үшін ең қызықты және сонымен бірге, келешегі бар жолдың бірі - біз шартты түрде "евразиялық мәдени кеңістік" деп атап жүрген жол болуы мүмкін. Тағдырдың еркімен Қазақстан географиялық жағынан болмаса да, демографиялық және мәдени жағынан Европа мен Азияның аралығында орналасты. Біз бұл тарихи айғақты ескермей, біздің ұлттық мәдениеттің одан ары дамуына оның әсерін теріске шығара алмаймыз.

Басқа жағынан алғанда, мәдениеттің ғаламдану процесі кез-келген өмір сүруші және гүлденуші ұлттық мәдениет үшін, шын мәнінде, тарихтың талабы. Және ол әрбір халықтан және мемлекеттен лайықты жауап күтеді. Ең алдымен, біздің пікірімізше, ол қазіргі қазақстандық қоғамнан өз дамуының барлық потенциалды мүмкіндіктерін іске асыруды және өзінің бүкіл әлеуметтік, экономикалық және мәдени мәселелерін табысты түрде шешуді талап ететін сияқты.

Біз бірнеше рет қайталағандай, мәдениеттің мәні құндылықтық-мағыналық және әлеуметтік-нормативтік мазмұнмен сипатталады. Модернизация процестерінде қоғамда қалыптасқан рухани құндылықтар, еңбек бағдарлары, рәміздік құрылымдар, менталитеттің ерекше рөл ойнауы кездейсоқ емес. Мұны, әсіресе, Қазақстан халықтарының құндылықтық бағдарлары мен мәдени қажеттіліктерінің, рухани басымдылықтарының құрылымын трансформацияға алып келетін елді әлеуметтік-экономикалық реформалау процесінде ескеру өте маңызды. Дәл осы мәдениет саласы қоғамдық өмірдің жаңа мақсаттарын, құндылықтары мен нормаларын анағұрлым терең айқындайды және болып жатқан өзгерістерді жаңа құндылықтық тұрғыдан қабылдаудың қалыптасуына жағдай жасайды. Жаңа мәдени саясат, өзінің тура мағынасында қоғамның жаңа социомәдени санасының қалыптасуына, оның ментальдығын аксиологиясын, бірегейлік образдарын, әлеуметтік ұмтылыстарының " сипаты мен әлеуметтік образдарын, әлеуметтік ұмтылыстарының сипаты мен әлеуметтік танымалдылық формаларын өзгертуге бағытталған деп айтуға болады.

Сонымен қатар, нақты әлеуметтік процесс пен бұқаралық ақпарат құралдарындағы адамның қызметі арқылы жас буын не ерікті, не еріксіз түрде болсын материалдық игіліктің мүлдем жаңа құндылықтарымен, әлемді қабылдаудың жаңа құндылықтық-мағыналық мазмұнымен сипатталатын күнделікті жүрістің белгілі бір жаңа біліми жиынтығын игереді.

Сонымен, Қазақстандағы мәдени саясатты зерттеу бұл саладағы қоғамның мәдени өмірі мен мемлекеттік саясаттың өзара әсерінің басты ерекшеліктерінің бірі мәдени саясаттың жарияланған принциптері мен мақсаттары мен социомәдени процестер бағытының негізгі векторлары арасындағы түбірлі алшақтық болып қалып отыр. Басқаша айтқанда, социомәдени процестердің нақты дамуының негізгі векторлары мемлекеттің жүргізіп отырған ресми мәдени саясаттың бағдарларымен сәйкес келмейді.

Мәдени саясаттың либералдануы, мәдениеттің идеологиялық диктаттан босануы, плюрализмнің легалдануы және өсуі соңғы жылдардағы рухани өмірдің қалыпты құбылысы ретінде әділ бағалануда. Алайда, идеологиялық шектеуді алып тастай отырып, ондаған жылдар бойы құрылған мәдениеттің орасан зор жасампаз потенциалын сақтап қалу маңызды еді.

Сонымен, біз мәдени саясаттың тұтастай алғандағы мемлекеттік саясаттың барлық салаларының ажырамас бөлігі болғанын және осы жүзеге

асыруда барлық мемлекеттік басқару құрылымдарының атсалысқанын қалаймыз.

Жалпы жаңа мемлекеттік саясаттың рухани-құндылықтық және адамгершілікті-нормативтік қырын бейнелей отырып, мәдени саясат қоғамды жан-жақты социомәдени модернизациялауға бағытталған идеологиялық көзқарастар мен соған сәйкес шаралардың жиынтығы ретінде көрінеді.

Мәдениеттанушы ғалымдардың орынды пікірінде айтылғандай, "мәдени саясаттың мақсаты - мәдениетті жан-жақты дамыту емес (ол даму мемлекеттің араласуынсыз өздігінен стихиялық тұрғыда жүреді), адамзат тұлғасын әлеуметтендіру мен мәдениеттендірудің жүйеленуі мен реттелуі. Мәдени саясаттың объекті - адамдар, ал мәдениет олардың санасы мен қоғамдағы әрекетінің әлеуметтік шынайылығын қамтамасыз етудің құралы"

Бұл пікір бойынша, мәдени саясаттың объекті тек мәдениет өндіруші және мәдениет сақтаушы ұйымдар ғана емес, тұтастай алғандағы бүкіл қоғам болып табылады. Мұндай саясаттың ықпалы социомәдени өзіндік ұйымды мемлекеттің мәдени - құндылықтық формада көпшіліктің қолдауына ие болған шынайы стратегиялық мақсаттарының аясында адамның өзін көрсетуі мен өзіндік дамуына бағыттайтын және серпін беретін жалпыұлттық (жалпымемлекеттік) процестер ретінде жобалануы тиіс.

Мәдениет - тек сала емес, бүкіл қоғамдық организмді, оның экономикалық, ғылыми-техникалық, саяси және рухани қозғалыстарының энергиясын жетілдіру мен дамытудың келешегін анықтайтын әлеуметтік болмыстың фундаменталды негізі де болып табылады.

Мұндай жағдайларда мәдени саясаттың стратегиялық мақсаттарына, біздің пікірімізше мыналар жатады:

- елдің мәдени потенциалын сақтау, қазақ мәдениетінің дамуының мәдени жаңашылдықтар мен мәдени өмірдің полиэтникалық алуан түрлілігін мемлекеттік қолдаумен қатар сабақтастығын қамтамасыз ету;
- біртұтас мәдени кеңістікті қалыптастыру, көпұлтты мемлекетте субмәдениеттердің сұхбаты үшін жағдайларды қамтамасыз ету;
- біртұтас мемлекеттің азаматтары ретіндегі әртүрлі әлеуметтік және этникалық топтардың мәдени интеграциясын қамтамасыз ететін құндылықтарды құру.

Мемлекеттік мәдени саясаттың бүгінгі және таяу келешектегі негізгі мақсаты ретінде елдің саяси, әлеуметтік және экономикалық жаңаруы үшін қажетті алғышарттар дайындай алатындай қоғамның мәдени жағдайын ұстап тұру мойындалады.

Осы мақсаттардан шешімін табуды талап ететін мынадай міндеттер туындады:

- адам мен қоғамның әлеуметтік-мәдени құндылықтық бағдарларының жаңа жүйесін жан-жақты дамыту және бекіту, ұлттық және тарихи дәстүрлерді Қазақстанды социомәдени модернизациялау міндеттерімен

шығармашылық тұрғыдан сәйкестендіретін болмыстың жаңа аксиологиясын құру;

- адам әрекетін өмірдің жаңа мазмұнын, формалары мен сапасын жасауға бағыттайтын адами қажеттіліктер мен әлеуметтік мүдделердің барлық көріністерінде рухани-құндылықтық компонентті жан-жақты дамыту;

- жалпыадамзаттық құндылықтарды кез-келген ұлттық мәдениеттің терең мазмұнымен өзара байланыстырып ұғынуды білдіретін плюралистік дүниетанымды тәрбиелеу;

- ұлттық, конфессионалдық және әлеуметтік саяси бөлектенуді игеруде, толерантты қарым-қатынаста мәдени өзара байланысқа құрметпен қарау қажеттілігін тәрбиелеу;

- "жоғары мәдениетке" қамқорлық жасайтын мемлекеттік сектор мен бұқаралық мәдениетті тарататын жеке сектор арасындағы түбірлі алшақтықтың орнына өзара толықтыру принципіне негізделген бірлестіктің жаңа типін бекіту.

Біз жоғарыда белгілеген жаңа мәдени саясаттың негізгі міндеттердің аясында жеке құқықтар мен мүдделерді құрметтеуге негізделген демократиялық мәдени саясаттың басты міндеті белгілі бір таңдауды әкеліп таңуда емес, қазақстандық өркениеттің дамуы мен қалыптасуының стратегиялық жолдарын перспективалық түсіну тұрғысынан алғанда мәдени процестердің жалпы мазмұнын реттеу мен пайымдалған түзету енгізуге бағытталған идеялардың зорлықсыз салыстырылуын талқылау мен жеңілдетуді ұйымдастыру болып табылады. Мемлекеттік мәдени саясат пен нақты практика арасындағы өткір қайшылықтар әрқашан да және әсіресе бүгін әлеуметтік-экономикалық нақтылықта елдің мәдени өмірін қаржыландыру құралдарын шоғырландыру саласын айналып өтпейді. Бұл тұрғыдан алғанда, мәдениетті сақтау мен дамытудың мемлекеттік кепілінің негізі мемлекеттік қаржыландыру болып қала береді. Оның тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік биліктің барлық деңгейлерінің бюджеттерінде мәдениетке жыл сайын жұмсалатын шығынның үнемі өсімін бекіту қажет және оны бюджетті қалыптастыру барысында әрқашан бұлжытпай сақтап отыру керек. Бюджетті орындау барысында алынған қосымша табыстарды да осы пропорцияда мәдениетке бағыттап отыру керек.

Сонымен, Қазақстандағы мәдени саясаттың маңызды басым мақсаттары және осы саладағы мүмкін болатын ұсыныстары елдегі және әлемдегі жалпы әлеуметтік-экономикалық процестерді, ғылым мен техниканың дамуын, тұтастай алғанда бүкіл қазақстандық қоғамның білім беру және жалпысаяси бағдарларын міндетті түрде ескеруді талап етеді. Сонымен қатар, олар тамыры терең мәдени дәстүрлермен және нақты жағдайлардың күрделі жиынтығына сай трансформациясымен анықталады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кадыржанов Р.К. Консолидация политической системы Казахстана: проблемы и перспективы. - Алматы: Институт философии и политологии МОН РК, 1999.
1. Ерасов Б.С. Социальная культурология. - М.: Аспект Пресс, 1997.
2. Шалабаева Г.К. Постигение культуры: мировоззренческие парадигмы и исторические реалии Казахстана. - Алматы: Акыл кітабы, 2001.
3. Манди Саймон Культурная политика: краткое руководство//
4. Культурная политика в Европе: выбор стратегии и ориентиры. Сборник материалов. -М.: Издательство Либерия, 2002.

Редакцияға 3.03.2008 қабылданды.